

М.Б. Жунусова<sup>1\*</sup>, Б. Сағындықұлы<sup>1</sup>, Н.Х. Ахтаева<sup>1</sup>, Б.Е. Боранбай<sup>2</sup>, Ә.Б. Алмаұытова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

<sup>2</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: kasabek65@mail.ru; nagibek78kz@gmail.com; baurzhanovna097@gmail.com;

bolat\_boranbay@mail.ru; almauytova73@mail.ru)

## Модальдық бірліктердің морфосинтаксистік аспектісі

Мақала қазақ тіл біліміндегі модальдылық мәселесін морфосинтаксистік тұрғыдан тарқатқан. Авторлар мақалада әлемдік деңгейлі ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, модальдық санаттың әр жақтылығын айқындау мақсаты қойылған. Нәтижесінде, тіл біліміндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі, модальдық бірліктер түгенделді, олардың мағыналық сипаты, құрылымы мен жасалу жолы жаңаша көзқараспен жеткізілген. Әсіресе, ізденушілердің «есепті» сөзін тілдік қатарға тартып, оның модальдық бейнесін жасақтауы мақаланың ғылыми жаңалығы деп тануға көмектеседі. Мақаланың практикалық құндылығын М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романы сынды классикалық шығармалардан жинақталған мысалдар мен олардың салыстырмалы кестесі арқылы жасақтау айқындайды. Ал зерттеу әдістері ретінде осы мысалдарды жинақтау мен сұрыптау; қазақ тілі мен басқа тіл біліміндегі ғылыми тұжырымдарды саралау әрі бекіту және оларды теориялық тұрғыдан талдау саналады. Орыс, жалпы түркі және қазақ тіл білімдеріндегі ғылыми-теориялық тұжырымдар мен пікірлер тақырыпқа тартылған мәселенің салыстырмалы және салғастырмалы әдіс арқылы да ажыратылғанын көрсетеді.

*Кілт сөздер:* модальдылық категория, модаль сөздер/бірліктер, морфосинтаксис, сөз тіркесімдері, тіл білімі, түйдекті тіркес.

### Кіріспе

Модальдылық — жұмсалымды грамматиканың басым бөлігін қамтитын ұғым. Аталмыш ұғым қазақ тіл білімінің түрлі саласында әр түрлі бағытта жан-жақты қарастырылып келеді, содан да болар аталмыш мәселеге қатысты ғылыми көзқарастар баршылық. Сондықтан да ғалым Д. Әлкебаеваның «Жалпы лингвистикадағы модальдық ұғымы туралы пікірлер мен көзқарастар әр алуан және бұл ұғымның ғылыми тұжырымдары толық айқындалып болды деп кесіп айтуға болмайды. Оның басты факторы модальдық ұғымының семантикасының алуан түрлі функциясына байланысты» [1, 27] дегенін дұрыс пайым деп бағалай отыра, тақырыпқа қатысты ұсынылып отырған мақала зерделеулерін өзекті, әрі қажетті мәселені қозғады деуге болады.

Модальдылықты мәні жағынан саралағанда, оның семантикалық категория екендігі дау тудырмайды. Бірақ оның жұмсалымдық сипаттағы іздері басқаша қарауға да итермелейді. Осы жағынан келгенде, адамзат баласының таным мен ақиқат болмыс арасындағы сан қилы мағыналық қырларын бейнелеу функциясы жұмсалымды грамматикаға үлкен жүк болып артылатыны да анық. Біздің байқауымызда, модальдылық аса күрделі тілдік бірлік, оның мағыналық-мазмұндық қырлары өте кең, ұғымдық санаты тым бай. Бұл жайттар арнайы ізденістің нысанына айналуы керек. Сондықтан модальдылық бірліктердің морфосинтаксистік қыры біршама тұжырымдар жасауға әкеледі.

### Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің дереккөзі ретінде тіл білімінде модальдылық категориясына байланысты жазылған ғалымдардың еңбектері тартылады. Мақалада дәйексөз ретінде тартылған ғылыми еңбектерден басқа, Ж. Түймебай, В.В. Виноградов, Н.А. Баскаков, М.Я. Хамзаева, М. Балақаев, Е. Жампейісов зерделеулеріндегі еңбектер негізге алынды. Атауға іліккен ғалымдардың ғылыми еңбектерінде модальдік бірліктердің мағыналық классификациясы, қызметтік функциялары, семантикалық ерекшеліктері жан-жақты сараланған. Бұл барынша өзекті, әрі қажетті тұжырымдар болып саналады.

Ізденушілер тарапынан қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері — М. Әуезовтің «Абай жолы», І. Есенберлиннің «Көшпенділер», Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармаларының мазмұнында жиі

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kasabek65@mail.ru

қолданыс табатын модальдік бірліктер жинақталып, статистикалық көрсеткіші жасалынды. Статистика тақырып бірліктерінің молдығын көрсетіп қана қойған жоқ. Сонымен қатар олардың сөйлем шеніндегі қолданысын анықтауға да мүмкіндік берді. Бұлайша зерделеу зерттеудің практикалық құндылығын арттырады, әрі келешек ізденістерге бағыт та бола алады.

Зерттеуде логика-философиялық, статистикалық және лингвopedагогикалық әдістерге басымдық берілді. Бұл жалпы ғылыми тұжырым жасауда пайдаланылған әдістер болып септеледі. Зерттеуде салыстырмалы-салғастырмалы әдістің де орын алғанын айта кеткен жөн. Аталған әдістің, әсіресе, орыс және түркі ғалымдарының пікірлерін тарқатуда қажеттігі болды. Зерттеудің ғылыми ортаға кең таралу мақсаты қойылып, көпшілікке аса таныс саралау, теориялық тұжырым жасау, талдау және жинақтау сияқты бірқатар әдістерге де басымдық берілді.

#### *Нәтижелер мен талқылау*

Тіл білімінде сан қырлы пікірлерге ие, тіл зерттеушілерінің назарын өзіне аударған өзекті мәселелердің бірі — модальдылық мәселесі. Қазіргі таңда модаль сөздерді зерттеген, зерттеп жатқан ғалымдар біршама. Қазақ тіл білімінде модальдылық мәселесін зерттеу 1927 жылдан кейін ғана қолға алынды. Сөйлеушінің тұжырымында мұң, болжал сынды мағыналардың рай тұлғалары көмегімен көрініс табатындығын тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен кездестіре аламыз. А. Байтұрсынұлы сөйлемнің жалпы модальдығы жайлы сөз қозғамай, етістік форманты баяндауыштарда рай тұлғалары арқылы модальдық мағына үстеу пайда болатындығын ғана түртіп өткен [2, 389]. Уақыт өте келе, яғни, 1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбекте: «Сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы және сөйлеушінің ол жөніндегі пікірі тіл білімінде сөйлемнің модальділігі деп аталады» деген теорема ұсынылған [3, 240]. Модальдылық мәселесі 1969 жылы О.С. Ахманованың жеті мың реестр сөзді қамтыған және барлық лингвистикалық сала (фонетика, фонеморфология, синтаксис, лексикология, тіл білімі) терминдеріне анықтама ұсынған лингвистикалық сөздігінде кездестіре аламыз: «Модальность англ. modality. Понятийная категория со значением отношения говорящего к содержанию высказывания и отношения содержания высказывания к действительности (отношения сообщаемого к его реальному осуществлению), выражаемая различными грамматическими и лексическими средствами» [4, 229]. Ал қазақ тіл білімі ғалымы Т. Сайрамбаев сөйлемдегі предикаттықтан кейінгі мәселе модальдылық екенін көрсете отырып, «Сөйлемнің ең негізгі тұлғасынан кейінгі мәселе сол сөйлем арқылы адамның қуану, шаттану, еркелету, шошу, ашу-ыза, күдіктену, күшейту, есерлеу, құптау-құптамау, жақтырмау, сену, мүмкінділік, қажеттілік, болжалдық, т.б. қасиеттер. Яғни, олардың семантикалық белгілерін анықтау — екінші орындағы мәселе. Сөйлемнің бойындағы мұндай қасиеттердің барлығы да модальдық белгісі арқылы беріледі де, олардың негізгі көрсеткіштері рай категориясы емес, модаль сөздер мен демеуліктер және интонация болуы тиіс», – деген ой айтады [5, 258].

Модальдылық жайлы сөз болған көптеген анықтамалар қазақ-орыс ғалымдарының пікірлерінің ұштасуынан пайда болып жатады. Мәселен, О. Төлегенов «айтушы көзқарасын білдіріп, предикатты саралайтын мағына — модальдық мағына» деп, В.В. Виноградовтың пікірін қостайды. Ал Қ. Мамаділ аналитикалық етістіктің модальдық құрылымдарын морфемдік құрамы мен мағыналық қызметі тұрақтанған бір тілдік құбылыс ретінде танып, тек морфология шеңберіндегі тұжырымға тоқтайды. Мұндай тұжырым ғалым Н. Оралбай тарапынан айтылған-тын. Ол модальдықтың *тілдің түрлі деңгейіне қатыстылығын* жоққа шығармағанымен, *модальдық мағынаның тілде етістік құрамынан көп орын алатынын* алға тартады. «Модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдық көрсеткіш болғандықтан, олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қалпында қалады және олардың саны аз» [6, 269].

М.Р. Федотовтың пікірінше, чуваш тіліндегі аналитикалық конструкциялар қалау, қажеттілік, мүмкінділік, міндеттілік және басқа да қимылға субъективті қатынасты білдіреді. Н.Г. Агадзаде модальдық мағынаның бірнеше түрінің райға қатыстылығын көрсетсе, А.Н. Кононов түркі тілінде модальдылықтың үш формасы бар деп, оған басымдылық, шарттылық, субъективтілікті жатқызады. Е.Н. Петров түркі тілінде модальдылықтың отыз тобы бар екендігін нақтылайды. Сол сияқты ғалым Д.Г. Тумашева модальдылықты бес топқа бөлген: міндеттілік, мүмкінділік, қажеттілік, ниет, болжам. Мұндай зерттеу/зерделеулер модальдылыққа қатысты жайттың мағыналық құрамы тұрғысынан кең екендігін байқатады. Ал тілші ғалымдардың бұлардың қатарына райдың модальдық реңкін қосуымен байланысты оның мағыналық құрамы одан әрі молайғандығына куә бола аламыз.


Модаль сөздер қандай категорияға жататыны қазіргі күннің өзінде бұлыңғыр сипатта. Бұл бірліктер сөйлем мазмұнында көмекшілік-дәнекерлік сипатта қолданыс табады ма, әлде, тұрақты толыққанды сөз табының қызметін атқарады ма әлі күнге дейін даулы мәселе. Ал бүгінге дейінгі зерттеулерде тақырыптың басты мәселесі орын алған да болатын. Мәселен, лингвист ғалым Т. Ергалиев 1968 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі сөздер мен сөз таптарының морфологиялық құрылысы» атты еңбегінде қазақ тіл білімін үлкен үш топқа жіктейді. Олар: негізгі сөз таптары, көмекші сөздер және азат сөздер. Аталмыш топтың «азат сөздер» жігіне ғалым одағай мен модаль сөздерді жинақтап, былайша тарқатады: «Негізгі сөздерге де көмекші сөздерге де қосылмайтын ерекше сөздер бар. Олар сөйлемде белгілі бір қызметке ие емес және басқа мүшемен байланысы жоқ бөлек, еркін категория болып табылады. Сондықтан термин ретінде олардың бәрін азат сөздер» деп атады» [7, 7-16].

Сөздерді топтастыруда С. Исаевта өзгеше ой болды. Ғалым: «...модаль сөздер де жеке сөз табы болып қаралады, өйткені олардың жеке мағынасы болмаса да, өзі қатысты сөзге, я сөйлемге қосымша грамматикалық мән үстейді немесе ойға қатысты мән (модальдылық) қосады» деп, қазақ тіл білімінің оныншы сөз табын айғақтайды [8, 293]. Модаль сөздерді сөз табы ретінде танытын ғалымдар қатарында А. Салқынбай да бар: «Модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде танытатын негізгі белгі, оның жалпы категориялық мағынасының болуы. Лебізде айтылатын хабарға сөйлеушінің жеке қатынасы мен көзқарасының болуы модаль сөздердің жалпы категориялық мағынасы болып саналады. Олай болса, модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде танудың ғылыми негізі бар» [9, 310].

Орыс тіл білімінде модальдық бірліктер жайлы алғашқы сөз еткен ғалымдардың қатарында В.В. Виноградов тұр. Танымал академик модальдік бірліктерді сөз таптарының қатарына қоспағанмен, оларды грамматикалық қолданыстағы кеңдігін ерекше құрылымдық-семантикалық класс ретінде ажыратады. Ғалым мол ізденіс нәтижесін жинақтап, жеке кестеге саралаған.

<p>модельные частицы</p>	<p>• <i>вряд, вряд ли, навряд, чуть, чуть не, ведь, все же, просто, едва, было, мол, знать, чуть, вить, пожалуй, будто, авось, что ли, никак, наоборот, напротив, может быть</i></p>
<p>модельные слова</p>	<p>• <i>действительно, буквально, нормально, решительно, собственно, верно, безусловно, подлинно, должно, видно, очевидно, вероятно, понятно, признаюсь, видишь, веришь, видите знаете ли, извините, говорят, передают</i></p>
<p>модельные словосочетания</p>	<p>• <i>собственно говоря, так сказать, кто его знает, стало быть, не в обиду будет сказано, по всей вероятности, по крайней мере, в конце концов, как никак, всего-навсего, кроме того</i></p>

Академик В.В. Виноградовтың классификациясын үлгі ете отырып, қазақ тіл біліміндегі модальдық бірліктерді құрылымдық-семантикалық класқа бөлшектеп көрсетуге болады. Біздің байқауымызда және саралауымызда олар екі класты топ құрды. Ал орыс ғалымының «модальные словосочетания» деп саралауы қазақ тіл білімінен көрініс таппады. Сондықтан да қазақ тіл білімінде тіркесіп келген модальдік бірліктер кездеспейді деп тұжырым жасауға болады. Осы себептен де қазақ тіл біліміндегі модальдық бірліктер құрылымдық-семантикалық тұрғыдан екі топқа бөлшектей аламыз. Қараңыз:



Орыс тіл білімінде модаль сөздер шылаулық мағынаны иеленсе, қазақ тіл білімінде қыстырмалық мәнге ие модальдық бірліктер молынан аңғарылады. Мәселен, модаль сөздер баяндауыш құрамында жұмсалып, көбінесе келер шақтық қызметте тұрады: *Олар келген кезде менің жұмыста болуым мүмкін* (М. Әуезов). Ал оның қыстырмалық қызметі басқа. Мұндайда ол жалпы сөйлемге модальдылық реңк береді: *Мүмкін, олар үйде жоқ* (Н. Ғабдулин).

Жалпы орыс тілінде модаль сөздердің жеті мағыналық тобы көрсетілген: 1) Сұраулы сөйлемдерде қолданылатын модаль сөздер: *неужели, разве, ли*; 2) Бір нәрсеге назар аударатын модаль сөздер: *лишь, почти*; 3) Көрсеткіш модаль сөздер: *вот, вон*; 4) Сезім мен эмоцияны көрсететін модаль сөздер: *что за*; 5) Нақтылау функциясы бар модаль сөздер: *именно*; 6) Күмән тудыратын модаль сөздер: *вряд ли, едва ли және* 7) Айтылғандардың әсерін күшейтетін модаль сөздер: *ведь, даже* [10, 568-583]. Осы сынды өзге тіл білімдеріндегі модальдық бірліктердің мағыналық түрлерін айқындаған ғалымдар жеткілікті. Бұл бағытта қазақ тілші ғалымдарының да орындары бөлек. Мәселен, Ж. Түймебаев түркі тілдері мен қазақ тіліне салыстырмалы зерттеу жүргізуші ретінде қазақ тіліндегі модаль сөздердің 7 (жеті) мағыналық тобын көрсетсе, Н. Оралбаева мен Қ. Қордабаев еңбектерінде 6 (алты) түрі, Е. Жанпейісов болса 5 (бес) түрге ажыратқан. Н. Баскаков түркімен тіліндегі модаль сөздерді семантикалық мағынасына қарай 10-ға жеткізсе, Ж. Түймебаев пікірінше, қарақалпақ тіліндегі модаль сөздердің 10 түрі бар [11]. Мұндай жоғары санды саралауларды тарқату бір мақала талабынан асып кетеді. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі модаль бірліктердің сипатын ғалым Қ. Мамаділ тұжырымындағы 3 (үш) мағына еншісімен тарқатқанды жөн санадық. Қараңыз:


*Жел ұшырар, топырақ басар, бірақ шын үлкен алау жағылған жер әйтеуір бір белгі қалуға тиіс* (М. Мағауин) // *Тек байлау айтып, іс қамын ойлау қажет* // *Ол жөнінде жігіт енді бір байлау айтуға міндетті* (М. Әуезов) деген сөйлемдерде көрініс тапқан *-уға тиіс, -у қажет, -уға міндетті* модаль сөздері бойынан **міндеттілік мағына** байқалады.

*Баж еткенмен, ықтап кеткен секілді...* // *Ат тұмсығы бір бітеу меңіреу қабырғаға тірелген сияқты* // *Өлтіргеннен де қинау бататын тәрізді* (М. Әуезов) деп сөйлер болсақ, сөйлем қолданысында орын алған *-кен секілді, -ген сияқты, -атын тәрізді* модаль сөздері сөйлеушінің немесе жазушының сөзіне өзіндік **болжалдылық мағына** үстейді.

*Қайындамай, үйленбей қалу мүмкін* // *...ешбір мезгіл өтпеген, уақыт қатып тұрып қалған сияқты* (М. Әуезов) деген сөйлем қолданысында *-у мүмкін, -ған сияқты* модаль сөздерінен **мүмкінділік мағына** байқалады. Жоғарыда ұсынылған мысалдар негізінде модаль сөздердің сөйлеушінің сөзіне қаншалықты әсер ететіндігін, өзіндік бояу реңкін, мағыналық ерекшеліктерін анықтауға болады.

Модалдылық мағынаны білдіретін сөздердің ең көбі, басқаларынан гөрі қолданыс аясында жиі кездесетіні — *болжал мәнділер*. Ойымызды дәлелдеу, бекіту мақсатында кішігірім зерттеу жұмысын жүргіздік. Төменде ұсынылған диаграммаға назар аударатын болсақ, жүргізген зерттеуіміздің қандай нәтиже бергендігі көрінеді деп білеміз. Бұл жерде М. Әуезовтің төрт томдық «Абай жолы» романы,

Ш. Мұртазаның бес томдық «Қызыл жебе» романы және І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан мысалдар жинақталып, жиі қолданыс табатын модальдік бірліктер саны анықталды. Байқап отырғанымыздай *сияқты, секілді, тәрізді* сынды болжал мәнді бірліктер шығарма ішінде, оның ішінде жазушылардың сөздік қолданысында кеңінен көрініс тапқан. Бұл аталған модаль сөздердің шығарма түзуші тұлғалар әдебиет қойнауына негіз еткен деп қорытындылауға болады.



Келесі жайт *есепті* сөзінің модальдық сипаты жайында. Сөйлемдік қолданыста аталған бірлік жоғарыда мысалға тартылған модаль сөздерімен төркіндес, құрылымдық ұқсастықта. Сонымен қатар мағыналық ұқсастық та (болжал) анық көрінеді: *Сондықтан ол қасындағы өзінен жасы кіші екі жолдасының көпті көрген ақылгөйі есепті* (Х. Есенжанов) // *Барластың өзі сүйген құлақ күйі сияқты термелер болады* (М. Әуезов). Сөйлемдердегі күйі *сияқты* және *ақылгөйі есепті* тілдік бірліктері сөздердің модальдық санатын арттыра түседі. Демек, жоғарыдағы кесте шкаласына сәйкес, болжал мәнді қызметті *есепті* модаль сөзі толық атқара алады деп санаймыз. Мұндай тұжырым аталған сөздің жасалу жолы мен тіркесім сипатына жіті үңілуді қажетсінеді.

Ең алдымен, *есепті* модальдық бірлігі зат есім сөзбен тіркесіп қана модальдылық мәніне ие болады. Тіркесімдегі сөз зат есім болғандықтан, оның түрленім жүйесін толық қабылдауы тиіс. Әсіресе, оның атау тұлғалы зат есім мен тәуелдік жалғаулы сөзбен жиі келетіні аңғарылады. Әр алуан көркем әдебиеттер қорынан жинақталған мысалдар бұл бірліктің жіктік, көптік жалғаулы, атау септігінің нөлдік формасынан өзге септік жалғаулы сөздермен тіркеспейтіні анықталды. Өзіміз ойша тіркестіріп көрген күннің өзінде мағыналық жақтан сәйкеспейтіндігі аңғарылды. Мысалы, *баланың есепті, балаға есепті, баланы есепті, балада есепті, баладан есепті, баламен есепті* деп септік жалғауларын бала сөзіне жалғап, есепті бірлігіне тіркестіру еш нәтиже бермейді. Көптік жалғаумен тіркестірудің де стильдік мәні көмескі. Мәселен, *жазушы есепті* және *жазушылар есепті* дегендегі көптік жалғаулы сөзбен берілген тұсында мағыналық бояуы әлсіздеу секілді көрінеді. Қайта, көптік жалғаулы зат есімге *есепті* модальдылық бірлігімен синоним құрайтын *сияқты, секілді* модальдық бірліктері сай келе ме дейміз. *Жазушылар есепті* дегеннен гөрі *жазушылар сияқты* тіркесі мағына жағынан, нақыш жағынан да көңілге қонымды.

Сонымен, *есепті* модаль сөзінің жасалуына қатысты мысалдар жүйесі мынадай болды. Атау тұлғалы зат есім + есепті модаль сөзі тіркесімі сөйлем соңында келуге бейім: *Күниеге бірі келін, бірі абысын есепті* // *Өкіл күйеуі шын емес күйеу емес, тамыр есепті* // *Сан жағынан аз болғанмен, олар үлкен күш есепті* (М. Әуезов). Сөйлем құрылымынан оның пысықтауыш боларлық қызметте де тұратындығы байқалды: *Өз ішіндегі адал алғысын бағыштау да дұғалық, тілек есепті* көрінген // *Абайға іні есепті* сөйлеп дағдыланған // *Қайта биік жота, биік көңілі тоқ адам есепті* таныды // *Мұсабайдың әйелі Әбішке ана есепті* болғандықтан... (М. Әуезов).

Зат есімді тұлға –ы/сы/сі тәуелдік жалғауын керек етіп, *есепті* модаль сөзі жекеше 3-ші жақта тұруымен де белсенді. Мұндай ерекшелікте де олар пысықтауыш, баяндауыштық қызметте келеді: ... *меңіреу апаты, тілсіз жауы есепті болғанын білер ме еді олар // Өзінің бейқам бір күлкісімен отырғанын айыбы есепті түсініп қысылды // Бар малдың басы есепті тәуір жирек айғырдың өзі болса Алтыбайға ұстататын емес // Бұл жігіттер Абайдың әр жайдан шыңдасып сырласатын досы есепті // Кішкентай күнінен бері сол қалың думан ортасында өскен Қуандық мынадай ойынқызықтың жаны есепті // Жаңағы Оразбай аулы біздің әкемізге қарсы арылмас жаулықтың бір көзі есепті // Өзі де жаман сұмдық белгісі есепті // Бұл топтың басшы ағасы есепті* (М. Әуезов) // *Абылайдың қасында ханның өз гвардиясы есепті мың қаралы төлеңгіт пен Дулат* (І. Есенберлин).

Заттанған етістік (есімше) тәуелдік жалғауын ертіп, *есепті* модаль сөзіне бейімделеді. Ал сөйлем мүшелік немесе сөйлем ішілік қызметі ауыса қоймайды: *Оның кеткені тағы бір үміт тірегінің кеткені есепті* (М. Әуезов) // *..сонда қалай дегенмен де, әйтеуір, азды-кем бірдеңе жасалған есепті болады ғой* (Мигель де Сервантес).

*Есепті* модальдық бірлігінің синтаксистік тізбектерге тікелей қатысы бар. Бәрімізге мәлім, түйдекті тіркестердің жасалуы жолында *толық мағыналы сөз бен модаль сөздердің* тіркесімі алдыңғы қатардан орын алады. Сөз тіркесімдерін сөз еткенде, көмекші сөздер қызметіне мән берген жөн. Сондай жағдайда, модаль сөздердің «Айтушының немесе жазушының айтылған ойға субъективтік көзқарасын немесе субьтік қатынасын білдіреді. Демек, синтаксис саласында көмекші сөздердің атқарар қызметі жоқ деген ұғым тұмауға тиіс» [12, 585]. Яғни, түйдекті тіркес деп танылған тілдік бірліктің бірінің лексика-семантикалық дербес мағынасы болмайды. Мысалы, *күзем үстінде, көштің алды, көзін қадады, қонақ күтті* т.б. Олардың құрамындағы жеке сөздерді бөлек алғанда, белгілі мағыналары бар, бірақ олардың тобын жазып, әр сөзді сөйлемнің жеке мүшесі деп қарауға болмайды. Жоғарыдағы мысалдар тізбесіндегі *есепті* модаль сөзімен тіркескен бірліктерді екіге бөліп қарау тіркес заңдылығын бұзады. Сондықтан да олар сөйлемнің жеке мүшесі бола алмайтын, сөйлем мазмұнында бір бүтін қасиетке ие түйдекті тіркестер деп қабылданады.

#### Қорытынды

Модальдылық — түбі терең, аспектісі сан-кылы мәселе. Оның үстіне тілдегі модальдылықты білдіретін, жарыққа шығаратын құралдар және оған қатысты әр қилы әдіс-тәсілдер де біршама соны ізденістерге жетелейді. Бұл тақырыпты зерттеу тіл біліміндегі функционалды-семантикалық өрістердің танымдық болмысын тануға көмектесері де анық. Шағын мақала мынадай ғылыми пайымдаулардың шешімін тапқанын көрсетті: 1) Тіл біліміндегі модальдылық мәселесіне қатысты пікірлер сарапталып, олардың оң нәтиже бергендігі анықталды; 2) Орыс және қазақ тіл біліміндегі қалыптасқан пікірлер салыстырылып, ондағы ортақ пайымдар мен пікір айырмашылықтары көрсетілді; 3) Модальдылықтың категориальдық сипаты айқындалып, мағыналық топтарына жаңаша талдау жасалды; 4) М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, Ш. Мұртазаның бес томдық «Қызыл жебе» романы және І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан жинақталған мысалдардың қолданыс жиілігі анықталды. *Сияқты, секілді, тәртізді* сынды болжал мәнді бірліктер шығарма ішінде, оның ішінде жазушылардың сөздік қолданысында кеңінен көрініс тапқаны, аталған модаль сөздерді шығарма түзуші тұлғалар әдебиет қойнауына негіз еткені айқындалды; 5) *Есепті* сөзінің модальдылық сипаты жайы сараланып, оның жасалуына қатысты мысалдар жүйесі талданды; 6) *Есепті* модальдік бірлігінің синтаксистік тізбектерге тікелей қатысы бары айқындалып, бұл сөздің түйдекті тіркес қатарынан орын алатыны алғаш рет талданды; 7) *Есепті* модаль сөзі қолданылу аясының кеңдігімен, мағыналық шеңберінің ауқымдылығымен айқындалатыны белгілі болды; 8) Ғылыми зерттеулер *есепті* сөзін модаль сөздер деңгейіне көтермесе де, ұсынылған мысалдық деректер ол сөздің модальдық қызметінің өте жоғары деңгейде екенін көрсетті. Бұл жайттардың барлығы модальдық бірліктердің морфосинтаксистік аспектісін кеңейтеді, әрі аталмыш категорияның сөздің мағыналық әлеуетін көтеретін құрал екендігін дәлелдеуге негіздейді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы / Д. Әлкебаева. — Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2019. — 200 б.

2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. — Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2017. — 752 б.

- 3 Қазақ тілінің грамматикасы. I-бөлім. — Алматы: «Ғылым» баспасы, 1967. — 264 б.
- 4 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов / О.С. Ахманова. — 2-е изд. — М.: Едиториал УРСС, 2004. — 571 с.
- 5 Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. — 640 б.
- 6 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. — Алматы: ЖШС «Инжу-Маржан» полиграфия фирмасы, 2007. — 390 б.
- 7 Ерғалиев Т. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөз таптарының морфологиялық құрылысы / Т. Ерғалиев. — Алматы: Рауан баспасы, 1968.
- 8 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты [Электрондық ресурс] / С. Исаев. — Алматы: Рауан баспасы, 1998. — 304 б. — Қолжетімділігі: <http://neb.arsu.kz/view?rid=7828&fid=7811>.
- 9 Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі / А. Салқынбай. — Алматы: «Эверо» баспасы, 2004. — 464 б.
- 10 Виноградов В.В. Русский язык / В.В. Виноградов. — М.: АН СССР, 1972. — 616 с.
- 11 Түймебаев Ж. Қазақ және қарақалпақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы / Ж. Түймебаев. — Алматы: Қазығұрт, 2018. — 248 б.
- 12 Қазақ грамматикасы. — Астана: «Астана полиграфия» Жабық акционерлік қоғамы, 2002. — 784 б.

М.Б. Жунусова, Б. Сағындыкулы, Н.Х. Ахтаева, Б.Е. Боранбай, Ә.Б. Алмауытова

### Морфосинтаксический аспект модальных единиц

В статье освещена проблема модальности в казахском языкознании в морфосинтаксическом аспекте. Авторами поставлена цель — определить многообразие модальной категории на основе научных исследований мирового уровня. В результате чего модальные единицы в языкознании, в том числе и в казахском языке, обобщены, по-новому представлены их смысловой характер, структура и способ создания. В частности, привлечение соискателями слова «есепти» в языковой ряд и формирование его модального образа помогают признать статью очень актуальной. Практическую ценность статьи определяют представленные примеры в форме сравнительных таблиц, взятые из классических произведений: эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая», трилогии И. Есенберлина «Кочевники», романа Ш. Муртазы «Красная стрела». Методами исследования являются обобщение и сортировка этих примеров; дифференциация и утверждение научных выводов в казахском языке и других языковых знаниях и их теоретический анализ. Научно-теоретические выводы и мнения в русском, общетюркском и казахском языкознании показывают, что проблема, вовлеченная в тему, различается как сравнительным, так и сопоставительным методом.

*Ключевые слова:* категория модальности, модальные слова/единицы, морфосинтаксис, словосочетания, языкознание, контактно-узловые сочетания.

M.B. Zhunusova, B. Sagyndykuly, N.Kh. Akhtaeva, B.E. Boranbay, A.B. Almauytova

### Morphosyntactic aspect of modal units

The article highlighted the problem of modality in Kazakh linguistics in the morphosyntactic aspect. The article aims to determine the diversity of the modal category based on world-class scientific research. As a result, modal units in linguistics, including in the Kazakh language, are generalized, their semantic nature, structure and method of creation are presented in a new way. In particular, the inclusion of the word “esepti” by applicants in the linguistic range and the formation of its modal image helps to recognize the article as scientific novelty. The practical value of the article is determined by the presented examples and their comparative tables with classical works: M. Auezov’s epic “The Path of Abai”, I. Yesenberlin’s trilogy “Nomads”, Sh. Murtaza’s novel “Red Arrow”. And the research methods are generalization and sorting of these examples; differentiation and approval of scientific conclusions in the Kazakh language and other linguistic knowledge and their theoretical analysis. Scientific and theoretical conclusions and opinions in Russian, common Turkic and Kazakh linguistics show that the problem involved in the topic differs in comparative method.

*Keywords:* category of modality, modal words/units, morphosyntax, phrases, linguistics, contact-nodal combinations.

## References

- 1 Alkebayeva, D. (2019). Qazaq tilining funktsionaldy gramatikasy [Functional grammar of the Kazakh language]. Almaty: “Qazaq universiteti” [in Kazakh].
- 2 (2017). Akhmet Baitursynulyning tiltanyndyq murasy [The linguistic heritage of Akhmet Baitursynov]. Astana: «Alashorda» qogamdyq qory [in Kazakh].
- 3 (1967). Qazaq tilining gramatikasy. I-bolim. [Grammar of the Kazakh language. Part I]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 4 Ahmanova, O.S. (2004). Lingvistisheskii terminologisheskii slovar [Dictionary of Linguistic Terms]. Moscow: Editorial URSS [in Russian].
- 5 Sairambayev, T. (2010). Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: «Arys» baspasy [in Kazakh].
- 6 Oralbai, N. (2007). Qazirgi qazaq tilining morfologiasy [Morphology of the modern Kazakh language]. Almaty: ZHSHS “Inzhu-Marzhan” poligrafia firmasy [in Kazakh].
- 7 Ergalyev, T. (1968). Qazaq tilindegi sozder men soz taptarynyn morfologialyq qurylysy [Morphological structure of words and Word classes in the Kazakh language]. Almaty: “Rauan” baspasy [in Kazakh].
- 8 Isaev, S. (1998). Qazirgi qazaq tilindegi sozderding gramatikalyq sipaty [Grammatical nature of words in the modern Kazakh language]. Almaty: “Rauan” baspasy [in Kazakh].
- 9 Salqynbay A. (2004). Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. Almaty: «Evero» baspasy [in Kazakh].
- 10 Vinogradov, V.V. (1972). Russkii yazyk [Russian language]. Moscow: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 11 Tuimebayev, Zh. (2018). Qazaq zhane qaraqalpaq tilderinin salystyrmaly gramatikasy [Comparative grammar of the Kazakh and Karakalpak languages]. Almaty: Qazygurt [in Kazakh].
- 12 (2002). Qazaq gramatikasy [Kazakh grammar]. Astana: “Astana poligrafia” Zhabyq aksionerlik qogamy [in Kazakh].

## Information about authors

**Zhunusova, M.B.** — Master of Philological Sciences, Pavlodar Pedagogical University named after Alkei Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: baurzhanovna097@gmail.com.

**Sagyndykuly, B.** — Doctor of Philological Sciences, Professor, Pavlodar Pedagogical University named after Alkei Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: kasabek65@mail.ru.

**Akhtaeva, N.Kh.** — PhD doctor of Philological Sciences, Pavlodar Pedagogical University named after Alkei Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: nagibek78kz@gmail.com.

**Boranbay, B.E.** — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: bolat\_boranbay@mail.ru.

**Almauytova, A.B.** — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: almautova73@mail.ru.